

KASE АПТАЛЫҒЫ

25 – 29 қараша,
2024

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE "Ring the Bell for Climate 2024" сауда-саттығының ашылу салтанатын [өткізді](#).
- KASE "Азия кредиттік қоры" Микроқаржы ұйымы" ЖШС арналған "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші сыныптарының бағалы қағаздарының 2024 жылдың желтоқсанындағы тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне "Береке" МҚҰ" АҚ [KZ2C00012581](#) (MFBRb1), "Ломбард Прогресс" ЖШС [KZ2P00012479](#) (MFLPb2) және Абай облысы әкімдігінің [KZMJ00002087](#) (AIK112_208) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Mogo Kazakhstan "МҚҰ" ЖШС [KZ2P00007925](#) (MFMOB1), "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00007540](#) (KFUSb21) және "Банк ЦентрКредит" АҚ [KZ2C00000594](#) (CCBNb23) облигациялары алынып тасталды.
- АҚШ Қаржы министрлігінің US912797KT32 (US136_2410) және US912797MB06 (US139_2411) халықаралық облигациялары олардың өтелуіне байланысты KASE ресми тізімінен [алынып тасталды](#).
- KASE-де "Ломбард" GoldFinMarket" ЖШС [KZ2P00012719](#) (MFLGb5), "ТССП Групп" ЖШС [KZ2P00009087](#) (TSSPb5), "Азия кредиттік қоры" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00011950](#) (MFCFb1), "Береке" МҚҰ" АҚ [KZ2C00012581](#) (MFBRB1) облигациялары және, базалық активі "Эйр Астана" АҚ KZ1C00004050 (AIRA) жай акциялары болып табылатын, [US0090632078](#), [US0090631088](#) (AIRAD) ЖДҚ-мен сауда-саттық ашылды.
- "Банк ЦентрКредит" АҚ-на Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KZKD00000907 (MUM120_0018) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін [берді](#).
- "Деньги говорят" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00012677](#) (MFDGb1) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- KASE сауда-саттық жүйесі мен деректер базасында "RG Brands" АҚ [KZ2C00005924](#) (RGBRb8) облигациялары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, купонды төлеу кезеңділігі және айналым мерзімі туралы ақпарат өзгертілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 20,0 млн MEYKAM [KZKD00000725](#) (MUM300_0001) орналастырды.
- "ТССП Групп" ЖШС KASE-де KZ2P00009079 (TSSPb4) облигацияларын орналастыру арқылы 115,1 млн теңге [тартты](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KASE-де KZ2C00012698 (BTRKb17) облигацияларын орналастыру арқылы 100,0 млрд теңге [тартты](#).
- Астана қаласы, Ақтөбе және Павлодар облыстарының әкімдері KASE-де 21,6 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 19-25 қараша аралығында өз бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі "АҚ агенттіктің оған "Э" деңгейінде Sustainable Fitch ESG-рейтингін бергені туралы [хабарлады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" "АҚ S&P Global Ratings агенттігінің банктің рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ атмосфераға шығарындыларды азайту үшін резервуар паркін [жаңғыртуда](#).
- 2025 жылдың 01 қаңтарынан бастап "ҚазТрансОйл" АҚ мұнайды экспортқа тасымалдауға тарифтерді [көтереді](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін [жариялады](#).

29.11.2024		Трендтер (%)	
KASE Индексі	5 524,76	2,2	5,9
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "Национальная компания "КазМунай"	13 997,87	6,1	2,5
АО "Казакхтелеком"	43 318,00	3,6	13,0
АО "Банк ЦентрКредит"	2 148,00	3,6	9,8
АО Kaspi.kz	55 820,00	3,0	- 1,1
Apple Inc.	235,10	2,5	0,6
Microsoft Corporation	420,20	2,5	- 1,4
Freedom Holding Corp.	118,89	2,2	9,1
АО "НАК "Казатомпром"	20 480,00	2,2	6,9
Starbucks Corporation	101,99	1,8	4,2
PayPal Holdings Inc.	86,92	1,6	8,7
Ford Motor Company	11,21	1,4	7,5
Tesla, Inc.	348,00	1,3	42,6
АО "Казахстанская фондовая биржа"	54 890,00	1,2	0,3
АО "KEGOC"	1 477,99	1,0	2,0
АО "Народный Банк Казахстана"	246,92	1,0	14,7
Advanced Micro Devices, Inc.	138,80	0,7	- 15,2
АО "Эйр Астана"	789,79	0,4	4,0
Intel Corporation	24,50	0,2	7,9
Pfizer Inc.	26,04	- 0,1	- 8,5
АО "КазТрансОйл"	813,99	- 0,1	- 0,2
АО "Кселл"	3 449,98	- 0,6	3,7
АО "ForteBank"	6,31	- 0,8	19,5
NVIDIA Corp.	139,00	- 0,9	- 1,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Өткен аптада KASE индексі өсуді жалғастырды. Индекс 2,2 %-ға 5 525 пунктке дейін көтерілді. Бұл өрлеудің негізгі драйвері тоғыз айдағы негізгі қаржылық көрсеткіштер жарияланғаннан кейін 6,1 %-ға өскен ҚазМұнайГаз акциялары болды. Компанияның кірісі 3 %-ға өсіп, \$13,8 млрд-қа жетті, ал таза пайда 68,6 %-ға өсіп, \$2,2 млрд құрады. қосымша, компанияның бос ақша ағыны \$2,2 млрд-тан асты. бұл акциялардың өсуіне серпін берді.

Сонымен қатар, ҚазТрансОйл мұнай тасымалдау тарифтерінің көтерілгені туралы хабарлады. Атап айтқанда, Мақат, Кеңқияқ және Атасу мұнай айдау станцияларында мұнайды ауыстырып тиеу жөніндегі қызметке тариф. Орташа алғанда, компанияның бұл қызметтері 32 %-ға қымбаттайды. Бірақ табыстың әлеуетті ұлғаюына қарамастан, ҚазТрансОйл акциялары бір апта ішінде 0,1 %-ға төмендеді.

Өткен аптада Қазатомөнеркәсіп 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін жариялады. Қазатомөнеркәсіп кірісті 31,7 %-ға, 1,1 трлн теңгеге дейін және жалпы пайданы 13,8 %-ға, 446,2 млрд теңгеге дейін ұлғайтты. Таза пайда 147 %-ға өсіп, 745 млрд теңгеге жетті, бұл басқа кірістер мен қауымдастырылған ұйымдардың пайда үлесінің өсуіне байланысты болды. Операциялық пайда 399 млрд теңгені құрады. Компанияның акциялары 2,5 %-ға қымбаттады.

KASE индексіне кіретін қаржы компанияларының акциялары өткен аптада оң динамиканы көрсетті. ЦентрКредит Банкінің акциялары 3,8 %-ға өсті, ал Kaspi.kz акциялары 3,0 % өсті. Халық банкінің акциялары 1 %-ға қымбаттады.

Қазақтелеком акциялары 3,6 %-ға 43 318 теңгеге дейін өсті, ал Kcell акциялары 0,6 %-ға төмендеп, 3 450 теңгеге жетті.

KASE Global секторындағы ең үлкен өсімді Moderna Inc. акциялары көрсетті, олар 5,5 %-ға өсті. Moderna-дан кейін Amazon com Inc. компаниясының акциялары келеді, олар бір апта ішінде талдаушылардың оң пікірлерінің арқасында нарықтық құнының 4,4 % қосты. KASE Global секторы көшбасшыларының үштігіне 2,8 % қосқан Verizon Inc. кірді.

Аптаның аутсайдерлері арасында, сәйкесінше 6 % және 5 % құнын жоғалтқан, Tesla Inc. және NVIDIA акциялары ерекше көзге түсті.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі өсті және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 14,96 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,95 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 488,23 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда


222 млн АҚШ долларынан 278 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату қазан айында 1 340 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 22 % құрады және күніне 70 млн АҚШ долларынан аспайды. ЖЗҚ валюталық активтерінің үлесінің 40 % деңгейіне жетуін ескере отырып, ағымдағы жылдың 10 қазанынан бастап Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды тоқтатты. ЖЗҚ зейнетақы активтері үшін шетел валютасын сатып алу сомасы қазан айында 228 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 4 % құрады

Қазан айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 253 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қарашасында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 130-дан 140 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қарашасында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,2-ден 1,3 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылдың 30 қазанындағы жағдай бойынша 39,9 % құраған зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ескере отырып, 2024 жылдың қарашасында БЖЗҚ үшін валюта сатып алу жоспарланбайды.

Шетел валюталарының бағамы


динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	648,94	3,90	1,74	16,73
— USDKZT	511,22	2,58	4,33	10,88
— EURKZT	540,05	3,91	1,86	9,80
— CNYKZT	70,61	2,65	2,69	6,02
— RUBKZT	4,73	-2,47	-7,50	-27,06

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	6 032,38	1,1	3,8	32,1	1,1
Dow Jones	44 910,65	1,4	6,6	24,9	1,5
PTC	753,78	-4,9	-11,2	-32,4	
ММВБ	2 578,00	-0,1	-1,4	-18,6	
Hang Seng	19 423,61	1,0	-4,7	14,0	1,5
SS CSI 300	3 916,58	1,3	0,7	12,0	0,8
Euro Stoxx 50	4 804,40	0,3	-1,7	9,6	0,4
FTSEuroFirst	5 462,00	0,3	-0,6	10,9	0,3
FTSE 100	8 287,30	0,3	1,6	11,2	0,2
KASE	5 524,76	2,2	5,9	32,6	

Шикізат нарығы

29.11.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	72,94	-3,0	0,5	-11,9
Мұнай (WTI)	68,00	-4,5	-0,9	-10,5
Табиғи газ	3,36	7,5	18,2	20,0
Мыс	408,05	-0,1	-6,2	6,6
Темір	788,50	0,8	1,2	-22,5
Алтын	2 643,15	-2,7	-5,2	29,8
Күміс	30,69	-2,1	-9,9	21,3
Астық	532,25	-2,2	-7,2	-6,7

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
02.12 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	USD	48,8	48,5
02.12 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) ISM (қараша)</u>	USD	47,7	46,5
03.12 <u>JOLTS еңбек нарығындағы ашық бос жұмыс орындарының саны (қазан)</u>	USD	7,490M	4,443M
04.12 <u>ADP (қараша) ауыл шаруашылығы емес сектордағы жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі</u>	USD	166K	213K
04.12 <u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	USD	57,0	55,0
04.12 <u>ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі</u>	USD		
06.12 <u>Жұмыссыздық деңгейі (қараша)</u>	USD	4,2%	4,1%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,5%	01.11.24	8,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	45,9	01.11.24	44,6
Ақша базасы, млрд KZT	13 540,0	01.11.24	13 741,7
Ақша масса, млрд KZT	41 897,0	01.11.24	40 719,7

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
	BBB/тұрақты	17.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.